

"Аудармашы" кәсіптік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 5 ақпандағы № 35 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2026 жылғы 1 қыркүйектегі № 421 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Аудармашы" кәсіптік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 5 ақпандағы № 35 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Аударма саласындағы қызмет" кәсіптік стандартын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес "Аударма саласындағы қызмет" кәсіптік стандарты бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Аудармашы" кәсіптік стандарты осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны ресми жариялау және электрондық нысанда қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияларған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

С. Нұрбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің
2026 жылғы 1 қыркүйектегі

Кәсіптік стандарт: "Аударма саласындағы қызмет"

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: "Аударма саласындағы қызмет" кәсіптік стандарты "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес әзірленді, тұрмыстық және жалпы іскерлік салаларда, арнаулы кәсіптік салаларда, мемлекетаралық қатынастар саласында жазбаша аударманы жүзеге асыруға, тұрмыстық және жалпы іскерлік салаларда және мемлекеттік қатынастар саласында тіларалық ауызша аударманы жүзеге асыруға қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) Аударма – әртүрлі тілде сөйлеушілер арасындағы тіларалық, мәдениетаралық қарым-қатынастың бір түрі, оның нәтижесінде түпнұсқа тілдегі мәтін мазмұны аударма тіліне тілдік дәнекерліктің нәтижесі ретінде аударма мәтіні түрінде беріледі; бұл аудармашы жүзеге асыратын қызмет, ол қарым-қатынастың толықтығы, тиімділігі және табиғилығы бойынша жанама екі тілді коммуникацияны қарапайым біртүрлі коммуникацияға жақындату мақсатында бір тілде жасалған мәтінді басқа тілдегі мәтінде вариативті қайта түсіндіру, мәтінді қайта кодтау;

2) Аудармашы – аудармамен, яғни белгілі бір тілдегі жазбаша немесе ауызша мәтінге өзге тілде (аударма тілі деп аталатын) балама болатын жазбаша немесе ауызша мәтін құрумен айналысатын маман;

3) Аударма қызметі – аудармашының (фрилансер-аудармашының, аударма бюросының, аударма компаниясының, коммерциялық және мемлекеттік ұйымдар қызметкерінің) қызметі;

4) Біліктілік деңгейі/біліктілігінің деңгейі – орындалатын жұмыстардың күрделілігін, дербестігін және жауапкершілігін көрсететін қызметкердің біліктілігіне (құзыреттеріне) қойылатын талаптар деңгейі;

5) Біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функциясын сапалы орындауға дайындық дәрежесі;

6) Білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

7) Дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

8) Еңбек функциясы – бизнес-үдерісінде анықталып, еңбек қызметінің белгілі бір түрі аясында оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің болуын көздейтін еңбек әрекеттерінің біріктірілген және салыстырмалы түрдегі дербес жиынтығы; еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндетін шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жиынтығы;

9) Жұмыс тілдері – аудармашының аударма жасайтын тілдері, яғни түпнұсқа тілі мен аударма тілі;

10) Кәсіби топ – жалпы интеграциялық негізі бар (ұқсас немесе жақын мақсаттар, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) және оларды орындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттерінің ұқсас жиынтығын көздейтін кәсіби кіші топтардың жиынтығы;

11) Кәсіби кіші топ – еңбек функциялары мен оларды жүзеге асыру үшін қажетті құзыреттердің тұтас жиынтығынан құрылған бір кәсіптің адамдарының жиынтығы;

12) Кәсіби стандарт – формалды және (немесе) формалды емес, және (немесе) информформалды білім беру ескеріле отырып, білімге, машыққа, дағдыға, жұмыс тәжірибесіне, біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

13) Кәсіп – адамның арнайы дайындығы нәтижесінде алынған және білімі тиісті құжаттармен расталған белгілі бір білім-білікті және практикалық дағдыларды қажет ететін еңбек қызметінің негізгі түрі;

14) Машық – кәсіптік міндет шеңберінде жекелеген бірлі-жарым іс-әрекетті физикалық тұрғыдан және (немесе) ақыл-оймен орындау қабілеті;

15) Салалық біліктілік шеңбері – кәсіби салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

16) Сала/негізгі топ – шығарылатын өнімнің, өндіріс технологиясының, қызметкерлердің негізгі қорлары мен кәсіби дағдыларының ортақтығына тән кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

17) Тілді меңгерудің C1 деңгейі – тілдік құзыреттіліктің жалпыеуропалық шкаласы бойынша әртүрлі тақырыптағы көлемді күрделі мәтіндерді түсіне отырып, оның астарлы, жасырын мағынасын аша білу, ғылыми және кәсіби қызметте тілдесу үшін тілді икемді әрі тиімді пайдалана білу деңгейі;

18) Тілді меңгерудің C2 деңгейі – тілдік құзыреттіліктің жалпыеуропалық шкаласы бойынша ауызша және жазбаша хабарламаны еркін түсіне отырып, жоғары қарқынмен және жоғары нақты дәлдікпен тосыннан сөйлеп, тілді жетік меңгеру деңгейі;

19) Ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

- 1) БТБА – жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;
- 2) БА – біліктілік анықтамалығы;
- 3) КААКҚ – кәсіби аудармашылар мен аударма компанияларының қауымдастығы;
- 4) ҚР – Қазақстан Республикасы;
- 5) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;
- 6) ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші.

2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Аударма саласындағы қызмет.
5. Кәсіптік стандарттың коды: M74300113.
6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:
М Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет.
74 Өзге де кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет.
74.3 Ауызша және жазбаша аударма қызметі.
74.30 Ауызша және жазбаша аударма қызметі.
74.30.0 Ауызша және жазбаша аударма қызметі.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: "Аударма саласындағы қызмет" кәсіптік стандарты ауызша, жазбаша, аудиовизуалды аударма саласында қызмет көрсету арқылы тіларалық, мәдениетаралық қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін жалпы талаптарды белгілейді.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:
 - 1) Аудармалардың бақылау редакторы - 7 СБШ-нің деңгейі
 - 2) Сурдоаудармашы - 6 СБШ-нің деңгейі
 - 3) Аудармашы (жазбаша) - 6 СБШ-нің деңгейі
 - 4) Ауызша аудармашы - 6 СБШ-нің деңгейі
 - 5) Аудармашы-дактилолог - 6 СБШ-нің деңгейі
 - 6) Аудиодескриптор - 6 СБШ-нің деңгейі
 - 7) Ауызша аудармашы - 5 СБШ-нің деңгейі
 - 8) Аудармашы (жазбаша) - 5 СБШ-нің деңгейі
 - 9) Ауызша аудармашы - 4 СБШ-нің деңгейі
 - 10) Аудармашы (жазбаша) - 4 СБШ-нің деңгейі

3-тарау. Кәсіптер карточкалары

1. Кәсіптің карточкасы "Аудармалардың бақылау редакторы":	
Топтың коды:	2642-2
Қызмет атауының коды:	2642-2-005
Кәсіптің атауы:	Аудармалардың бақылау редакторы

СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	7		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 тіркелген). 7-параграф. Аудармашы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: Тілдер және әдебиет	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	I санатты аудармашы: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және II санаттағы аудармашы лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс өтілі;		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Аудармашылардың біліктілігін арттыру курстары		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2643-2-001 - Аудармашы (жазбаша) 2642-2-011 - Редактор-аудармашы 2643-9-003 - Лингвист 2643-9-004 - Лингвистикалық корректор 2643-1-002 - Ғылыми қызметкер (филология саласындағы)		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Аударма сапасын бақылау		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Аударылған мәтіндерді техникалық өңдеу және локализациялау	
	Қосымша еңбек функциялары:		
		Машықтар: 1. Үлгілік алгоритмдер мен үлгілік технологиялық үдерістерді әзірлеуді жүзеге асыру; 2. Аударма кәсіпорны жекелеген қызметкерлерінің, топтары мен бөлімдерінің өзара қарым-қатынас тәртібін әзірлеп, жоспарлау; 3. Аударма сапасын басқаруды ұйымдастыру; 4. Аударма жасау мерзімін қысқарту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру; 5. Аударма тапсырмасын орындау мәселелері бойынша мүдделі тараптарға кеңес беру; 6. Бірнеше жұмыс тілін пайдалана отырып, халықаралық хаттамалық іс-шараларды ұйымдастыру; 7. Халықаралық хаттамалық іс-шараларға ақпараттық-құжаттамалық қолдауды қамтамасыз ету;	

Дағды 1: Аударманың өндірістік үдерісін басқару	8. Технологиялық үдерістердің типтік алгоритмдерін және аударма орындаушыларының өзара әрекеттесу шарттарын әзірлеу. Білімдер: 1. Жалпы, арнайы және жеке аударма теориялары және практикалық аударма әдістері; 2. Аударма үдерістерінің тиімділігі көрсеткіштерінің жүйесі; 3. Аударма қызметі бойынша нормативтік материалдар мен стандарттар; 4. Еңбек қатынастары мен жауапкершілікке қатысты бөліктегі нормативтік құқықтық актілер; 5. Тапсырыс берушілермен және орындаушылармен шарттар жасау тәртібі; 6. Аударма және локализация жобаларына қатысушылардың еңбегіне ақы төлеуді есептеу тәртібі; 7. Бизнес-үдерістерді оңтайландыру және еңбек өнімділігін арттыру технологиялары; 8. Салалық ұйымдардың аударма қызметінің озық тәжірибесі.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Дағды 2: Аударма сапасын талдау	Машықтар: 1. Мәтінге аударма алдындағы талдау жүргізу; 2. Аударманың сапасын тексеру және бақылау; 3. Локализациялық жобаларда дайын материалдарды құрастыру; 4. Сыртқы түрін, форматын тексеріп, аударманы түпкілікті түрде рәсімдеу; 5. Бағдарламалық қамтамасыз етуді оқшаулаудың бағдарламалық-аппараттық құралдарын пайдалану; 6. Мәтінді тану бағдарламалық құралында жұмыс істеу; 7. Аударманы бастапқы мәтінмен салыстыру; 8. Аударма саласының перспективалық бағыттарының дамуын талдау. Білімдер: 1. Аударма, мәдениетаралық коммуникацияның жалпы теориясы мен практикасының негіздері; 2. Кәсіби аударма саласындағы этикалық және құқықтық нормалар; 3. Мәтіндік редакторлармен жұмыс және аударма тіліндегі мәтінді пішімдеу, беттеу, түзету негіздері; 4. Бағдарламалық өнімдерді оқшаулау негіздері; 5. Жұмыс тілдерінің графикалық жүйелері; 6. Аударманы басқару жүйелері; 7. Аударма сапасын басқару жүйелері; 8. Көлемді деректерді талдау әдістемесі ; 9. Бастапқы және аударма тілдерінің лингвомәдениеттерінің ерекшеліктері;

	10. Шет және ана тілдерінің стилистикалық нормалары; 11. Аударылатын мәтін және салалық терминология салалары.
Дағдыны тану мүмкіндігі :	ұсынылмайды
Дағды 3: Дайын аударма мәтінін өңдеу процесін жүзеге асыру	Машықтар: 1. Салалық және ішкі сапа стандарттарының, стиль бойынша нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес аударманы орындау; 2. Аударма тіліндегі мәтінді пішімдеу, ретке келтіру және реттеу; 3. Бағдарламалармен жұмыс істеу (электрондық сөздіктер, САТ құралдары және т. б. цифрлық өнімдер), сондай-ақ қарамай басуды меңгеру; 4. Аударма мәтінін графикалық элементтерге және күрделі форматтағы файлдарға тасымалдау; 5. Локализациялық жобаларда дайын материалдарды құрастыру. Бағдарламалық қамтамасыз етуді локализациялаудың бағдарламалық-аппараттық құралдарын пайдалану; 6. Мазмұнды басқару жүйелерімен бастапқы және аударма мәтіндерінің үйлесімділігі мен алмасуын тексеру; 7. Материалдарды бастапқы және аударма тілдерінде орналастыру құралдарын қолдану; 8. Мәтінді тану бағдарламалық құралында жұмыс істеу; 9. Бастапқы және аударма тілдерінде материалдарды беттеу және астына қою құралдарын қолдану; 10. Мәтіндік редакторларда және аударма үшін мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуде жұмыс істеу; 11. Аударманы технологиялық басқарудың бағдарламалық құралдарын қолдану; мазмұнды басқару жүйелерін қолдану. Білімдер: 1. Заманауи тілдік үрдістер мен цифрлық лексиканы қоса алғанда, C2 немесе C1 деңгейіндегі қазақ (орыс) және шет тілдері; 2. Аударма, мәдениетаралық коммуникацияның жалпы теориясы мен практикасының негіздері; 3. Кәсіби аударма саласындағы этикалық және құқықтық нормалар; 4. Мәтіндік редакторлармен жұмыс және аударма тіліндегі мәтінді пішімдеу, беттеу, түзету негіздері; 5. Автоматтандырылған аударма қағидаттары; 6. Бағдарламалық өнімдерді оқшаулау негіздері; 7. Аударма сапасын басқару жүйелері; 8. Көлемді деректерді талдау әдісі; 9. Бағдарламалық жасақтама және цифрлық технологиялар.

Еңбек функциясы 1: Аударылған мәтіндерді техникалық өңдеу және локализациялау	Дағдыны тану мүмкіндігі : :	ұсынылмайды
	Дағды 4: Аударманы редакциялық-техникалық бақылау	Машықтар: 1. Түпнұсқа мәтін мен аударма тапсырмасын аудармаалды талдау; 2. Аударманы түпнұсқа тілмен салыстыру; 3. Аударылған материалдарға техникалық бақылауды жүзеге асыру; 4. Аударма сапасын бағалау және аудармашылардың рейтингі; 5. Аударма тапсырмасын орындау үшін лингвистикалық, уақытша, қаржылық және технологиялық ресурстарды талдау; 6. Бастапқы және аударылған мәтіндерді тексеру; 7. Аударма мәтініне стилистикалық түзетулер енгізу ; 8. Аударма мәтінін пішімдеу; 9. Аударма қателіктерінің себептерін анықтау; 10. Аударма сапасын бағалау. Білімдер: 1. Мамандандырылған ақпараттық-анықтамалық жүйелер және бағдарламалық жасақтама; 2. Жалпы, арнайы аударма теориялары және практикалық аударма әдістері; 3. Аударма пәнінің терминологиясы және арнайы кәсіби лексика; 4. Терминдерге, белгілеулерге және өлшем бірліктеріне арналған мемлекеттік стандарттар; 5. Терминдерді біріздендіру қағидаттары; 6. Терминдерді стандарттау қағидаттары; 7. Аударма нәтижелерін редакциялау, талдау және бағалаудың бағдарламалық-аппараттық құралдары; 8. Аударма сапасын бақылауды бағалау өлшемшарттары; 9. Құжаттарды пішімдеудің және пішімдеу сапасын бақылаудың негізгі қағидаттары, жүйелері мен құралдары; 10. Түзету ережелері және стандартты түзету белгілері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі : :	ұсынылмайды
		Машықтар: 1. Ауызша және жазбаша аударма сапасына тәуелсіз сараптама жасау; 2. Аударма қызметі шеңберінде мәдениетаралық коммуникацияның нәтижелілігін арттыру саласында кеңес беру; 3. Аударма сапасын жақсартатын іс-шаралар әзірлеу ;

Дағды 5: Аударма сапасы саласында кеңесу	4. Мәдениетаралық өзара іс-қимылдың әртүрлі жағдайындағы ұлттық мінез-құлықтың ерекшеліктерін түсіндіру; 5. Аударма сапасын жақсарту бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеу; 6. Аударма кәсіпорындары мен бөлімдерінің күнделікті жұмысында тәлімгерлік қызметті іске асыру және үйлестіру; 7. Аударма сапасын жақсарту бойынша өндірістік іс-шаралардың нәтижелерін сыни талдау және қисынды құрылымдау; 8. Аударма саласындағы ғылыми жұмыстар мен үздік тәжірибелерге сараптамалық бағалау жүргізу. Білімдер: 1. Аударманың жалпы теориясы және аударма әдіс-тәсілдері; 2. Ауызша және жазбаша аудармаға лингвистикалық сараптама жүргізу қағидалары мен тәсілдері; 3. Ауызша және жазбаша аударманы оқыту әдістемесі; 4. Тәлімгерлік әдіснама; 5. Аударма қызметін сертификаттау қағидалары мен тәртібі; 6. Аударма сапасын жақсарту әдістері мен технологияларын болжау және бағалау тәсілдері; 7. Жетекші озық тәжірибелер мен қолданбалы инновациялар; 8. Аударма ғылымы мен аударма лингводидактикасын дамытудың озық бағыттары; 9. Кәсіби және академиялық әдеп, іскерлік әдеп.
Дағдыны тану мүмкіндігі :	ұсынылмайды
Дағды 6:	Машықтар: 1. Материалдардың бастапқы мазмұнын машиналық , автоматты немесе аралас аударма үшін жарамды мәтінге қайта өңдеу; 2. Параллель мәтіндер мен аудармалар жадынан глоссарийлер мен терминологиялық базаларды автоматты түрде және қолмен шығару; 3. Аудармалардың, глоссарийлердің және терминологиялық базалардың жады үйлесімін таңдау; 4. Аударма, глоссарий және терминологиялық базалар жадына негізделген автоматты аударма және қолмен аудару; 5. Глоссарий және терминологиялық база құру; 6. Параллель мәтіндерді аударма жадына сәйкестендіру; 7. Аударма жадының параллель мәтіндерін глоссарийлермен, терминологиялық базалармен, тапсырыс берушінің талаптарымен сәйкестендіру;

	Аударма және локализация жобаларын автоматтандыру	8. Автоматтандырылған немесе машиналық аударманы кейінірек қолдану үшін материалдарды бастапқы тілде өңдеу; 9. Терминологиялық базалар мен глоссарийлерді аударманы автоматтандыру жүйелеріне жарамды форматқа түрлендіру; 10. Машиналық аударма жүйелерін таңдау бойынша тапсырыс берушінің талаптарын ескеру. Білімдер: 1. Әртүрлі мәтінге машиналық аударманы қолдану ұсыныстары; 2. Аударманы автоматтау жүйесі; 3. Аударманың жалпы теориясы мен практикасының негіздері; 4. Машиналық аударма қағидаттары; 5. Жадыны басқарудың аударма жүйелері; 6. Терминге кіріспе негіздері; 7. Электрондық терминологиялық базамен жұмыс істеу қағидаттары; 8. Аударма сапасын басқару жүйесі; 9. Көлемді деректерді өңдеу жолдары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Аналитикалық ойлау Көп мәдениеттілік және ашықтық Күйзеліске тұрақтылық Эмпатия	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	4	Аудармашы (жазбаша)
	5	Аудармашы (жазбаша)
	6	Аудармашы (жазбаша)
	5	Ауызша аудармашы
	6	Ауызша аудармашы
	6	Аудармашы-дактилолог
	6	Аудиодескриптор
2. Кәсіптің карточкасы "Сурдоаудармашы ":		
Топтың коды:	2643-9	
Қызмет атауының коды:	2643-9-007	
Кәсіптің атауы:	Сурдоаудармашы	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6	
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:		

БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 тіркелген). Параграф 8. Аудармашы-дактилолог		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Тілдер және әдебиет	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	І санаттағы аудармашы-дактилолог: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және ІІ санаттағы аудармашы-дактилолог лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс өтілі; ІІ санаттағы аудармашы–дактилолог: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және санатсыз аудармашы–дактилолог лауазымында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі; Санатсыз аудармашы–дактилолог: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнайы орта, кәсіптік орта) білім және мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2643-9-002 - Саңырау жұмысшыларға қызмет көрсететін инструктор-аудармашы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Есту қабілеті бар және есту қабілетінен айрылған азаматтар арасындағы байланыстырушы сурдоаударма және ымдау тілінен жазбаша мәтінге немесе ауызша сөйлеуге кері аудару		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Естуі қиын адамдарға арналған сурдоаударманы іске асыру	
	Қосымша еңбек функциялары:		
		Машықтар: 1. Жазбаша мәтінді (тақырып, мақсат, жанр, адресат) талдау және құрылымдау, негізгі мағынасы мен логикалық байланысты айрықшалау, аударма жоспарын құру. 2. Ымдау тілінің нормаларын ескере отырып, жазбаша сөйлеуді ымдау тіліне түрлендіру: мағынаны бұрмаламай, ақпаратты ұсыну синтаксисі мен тәртібін қайта құру. 3. Мазмұнды визуалды қабылдауға бейімдеу: екіұштылықты жою, компрессия/өрістету, стиль мен прагматиканы қолжетімді нысанда жеткізу.	

Дағды 1: Есту қабілеті бұзылған адамдар үшін жазбаша сөзді ымдау тіліне (сурдоаударма) аударуды іске асыру	4. Дактильдi және/немесе түсiндiрменi қолдана отырып, дәл ақпаратты (терминдер, жалқы есiмдер, аббревиатуралар, сандар, күндер, деректемелер) қисынды беру. 5. Сапа мен кәсiби талаптарды қамтамасыз ету: өзiн-өзi бақылау және қателердi түзету, қажет болған жағдайда түсiнудi тексеру/нақтылау, этиканы сақтау (құпиялылық, бейтараптық), күндiзгi /қашықтан форматында визуалды қолжетiмдiлiктi ұйымдастыру. Бiлiмдер: 1. Сурдоаударманың нормативтiк-этикалық негiздерi: құпиялылық, бейтараптық, дәлдiк қағидаттары, құзыреттiлiк шекаралары және аударма сапасына қойылатын талаптар. 2. Ымдау тiлiнiң лингвистикалық жүйесi: лексика, грамматика, синтаксис, мануалды емес компоненттер, қолдану нұсқалары мен нормалары. 3. Жазбаша сөз бен оны ымдау тiлiне трансформациялаудың ерекшелiктерi: мәтiн жанрлары мен стильдерi, мағыналық компрессия/өрiстету, мазмұнын жоғалтпай, екiұштылықты жою тәсiлдерi. 4. Дактильдi әлiпби және дәл ақпаратты беру тәсiлдерi: жалқы есiмдер, терминдер, аббревиатуралар, сандар, күндер мен деректемелерге арналған дактильдi қолдану ережелерi. 5. Аударматаным негiздерi: эквиваленттiлiк, аудармашылық трансформация, жазбаша мәтiннiң прагматикасы мен мәдени-өзгешелiк элементтердi беру.
Дағдыны тану мүмкiндiгi:	ұсынылмайды
	Машықтар: 1. Ақпаратты дұрыс есту және жаңғырту; 2. Ресми-iскери жағдаяттардағы (бiлiм беру, медицина, құқық) сурдоаударма кезiнде дактильдi коммуникацияны қолдану: дәл атаулар мен деректемелердi тiркеу және жаңғырту. 3. Ұйымның есту қабiлетi нашар қызметкерлерi үшiн ымдау тiлi арқылы ауызша сөйлеудi (телефон келiссөздерi, радиотелевизиялық хабарлар, өндiрiстiк жиындар, жиналыстар, әңгiмелер, оқу сабақтары) тiкелей аударуды жүзеге асыру; 4. Есту қабiлетiнен айырылғандар тобы бар ұйымдағы есту қабiлетiнен айырылған қызметкерлердi өзара жақсы түсiнуге қол жеткiзу үшiн ишараттарды бiрiздендiру бойынша тұрақты жұмыс жүргiзу; 5. Ымдау тiлiне және ымдау тiлiнен аударуды жүзеге асыру;

Еңбек функциясы 1: Естуі қиын адамдарға арналған сурдоаударманы іске асыру	Дағды 2: Есту қабілеті бұзылған адамдар үшін ауызша сөйлеуді ымдау тіліне (сурдоаударма) аударуды іске асыру	6. Есту қабілеті бұзылған жұмысшыларды оңалтудың әлеуметтік психологиясын, медициналық және техникалық аспектілерін түсіну; 7. Ауызша сөйлеу қарқынымен салыстырылатын және ұйымның есту қабілетінен айырылған жұмысшылары үшін ең қолайлы жылдамдықта коммуникацияның әртүрлі тәсілін (ымдау тілі, алақанға жазу) қолдану; Білімдер: 1. Сурдоаударманың нормативтік-этикалық негіздері. Кәсіби этика қағидаттары (құпиялылық, бейтараптық, дәлдік), сурдоаудармашының құзыреттілік шекаралары мен ресми және күнделікті коммуникациядағы аударма сапасына қойылатын талаптар. 2. ымдау тілінің лингвистикалық жүйесі. Мануалды емес компоненттерді (мимика, артикуляция, корпустың орналасуы), ишараттардың вариативтілігі мен дискурстың ерекшеліктерін қоса алғанда, ымдау тілінің лексикасы, грамматикасы және синтаксисі; 3. Дактильді әліпби және оны аудару кезінде қолдану ережелері (оның ішінде жалқы есімдерді, терминдерді, сандарды дактильдеу; қажет болған жағдайда – дактильді оқу); 4. Аударма теориясы мен технологиясы. Аударманың базалық ұғымдары (эквиваленттілік, трансформация, компрессия/өрістету, шындықты аудару), дәлдікті қамтамасыз ету стратегиялары және мағыналы бұрмалануды болдырмау тәсілдері. 5. Есту қабілетінен айырылғандар қауымдастығының коммуникациясы және мәдениеті . ымдау тілін меңгерудің әртүрлі деңгейіндегі адамдармен өзара әрекеттестік ерекшеліктерін қоса алғанда, есту қабілетінен айырылғандар мен нашар еститіндер қауымдастығының мәдени нормалары, коммуникативтік ережелері және әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктері; 6. Қарым-қатынас психологиясы және коммуникацияны басқару. Ретті және ілеспе сурдоаударма жағдайында тұлғааралық өзара әрекеттестік психологиясының негіздері, түсінуді нақтылау және тексеру техникасы, репликалардың кезектілігі мен қарқынын басқару әдістері. 7. Негізгі салалар бойынша пәндік терминология. Білім берудегі, денсаулық сақтаудағы, әлеуметтік саладағы, еңбек қатынастарындағы/HR және құқықтық саладағы базалық терминология мен типтік коммуникативтік сценарийлер білу (бейінді мамандардың рөлін ауыстырмай, рәсімдер мен терминдер деңгейінде); 8. Техникалық негіздер және жұмысты ұйымдастыру (оның ішінде қашықтан форматы).
---	---	--

	Тапсырыс берушімен және командамен өзара әрекеттестікке, дайындыққа қойылатын талаптар (бриф, материалдар, глоссарий), сондай-ақ күндізгі және қашықтан сурдоаударманың техникалық шарттары (көрінім, кадрлау, байланыс сапасы) білу; 9. Еңбекті қорғау және кәсіби қызметтің эргономикасы. Жұмыс орнын қауіпсіз ұйымдастыру, кәсіптік асқын жүктелу мен жарақаттардың (колбасы, иық белдеуі) алдын алу ережелері, еңбек және демалыс режимдері, сондай-ақ есту бұзылыстарының негізгі аспектілері (сапалы коммуникация үшін қажетті көлемде).
Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Дағды 3: Өзара әрекеттесуге қатысатын есту қабілеті бұзылған және еститін адамдар арасындағы екі жақты коммуникацияны қамтамасыз ету үшін ымдау тілін ауызша сөйлеуге (кері сурдоаударма) аударуды жүзеге асыру	Машықтар: 1. Бастапқы хабарламаны (ауызша/жазбаша) талдау: негізгі мағынаны, мақсатты, адресатты, логикалық байланыстарды айрықшалау. 2. Ымдау тілінің нормаларын сақтай отырып, ымдау тіліне сурдоаударманы орындау: синтаксисті қайта құру, жеткізудің байланыстылығы мен анықтығын қамтамасыз ету. 3. Дактильді және/немесе түсіндірмені қолдана отырып, дәл ақпаратты (есімдер, терминдер, аббревиатуралар, сандар, күндер, деректемелер) беру. 4. Коммуникацияны басқару стратегияларын қолдану: қарқын, репликалардың кезектілігі, нақтылау, түсінуді тексеру, қайта тұжырымдау. 5. Жұмыстың сапасы мен этикасын қамтамасыз ету: өзін-өзі бақылау және қателерді түзету, құпиялылық, бейтараптық, визуалды қолжетімділікті (күндізгі/қашықтан) ұйымдастыру Білімдер: 1. Сурдоаударманың нормативтік-этикалық негіздері: құпиялылық, бейтараптық, жауаптылық, құзыреттілік шекаралары. 2. Ымдау тілінің лингвистикалық жүйесі: лексика, грамматика, синтаксис, мануалды емес компоненттер, вариативтілік. 3. Дактильді әліпби және оны сурдоаударма (дактильдеу және оқып алу; міндетті пайдалану жағдайлары) кезінде қолдану ережелері; 4. Аударма теориясының негіздері: эквиваленттілік, трансформациялар, компрессия/өрістетуге, прагматика мен болмысты жеткізу. 5. Сурдоаударма технологиясы мен ұйымдастыру: дайындау (бриф, глоссарий), визуалды қолжетімділікке және қашықтан форматына қойылатын талаптар.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды

	Машықтар: 1. Күндізгі және қашықтан форматында аударманың визуалды қолжетімділік шарттарын (позициялау, фон, жарықтандыру, қолдың/өңінің көрінуі) ұйымдастыру. 2. Ақпаратты берудің дәлдігін қамтамасыз ету: жалқы есімдер, терминдер, аббревиатуралар, сандар, күндер, деректемелер үшін дактильді және/немесе түсіндірмені қолдану. 3. Коммуникация үдерісін басқару: қарқынды, репликалардың кезектілігін, қатысушылардың түсінуін нақтылау және тексеруді орындау. 4. Аударма сапасына өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру: ағаттықтарды/бұрмалануларды анықтау, кателерді жедел түзету, байланыстылық пен қисындылықты сақтау. 5. Кәсіби этика мен рөлдің шекарасын сақтау: құпиялылықты, бейтараптықты сақтау, құзыреттілік шектеулерін қисынды белгілеу және қиын жағдайларда хаттама бойынша әрекет ету. Білімдер: 1. Сурдоаударма сапасының өлшемшарттары: дәлдік, толықтық, түсініктілік, прагматиканы/стильді сақтау, бұрмалануға жол бермеу. 2. Этикалық нормалар мен кәсіптік стандарттар: құпиялылық, бейтараптық, жауаптылық, мүдделер қақтығысы, құзыреттілік шектері. 3. Дактильді қолдану және дәл ақпаратты беру ережелері: міндетті пайдалану жағдайлары, деректерді нақтылау және тіркеу әдістері. 4. Күндізгі және қашықтан сурдоаудармаға қойылатын техникалық талаптар: байланыс, камера, кадрлау, кідіріс, бейне/дыбыс сапасы, деректер қауіпсіздігі. 5. Жұмыстың ұйымдастырушылық хаттамасы: дайындау (бриф, материалдар, глоссарий), тапсырыс берушімен/командамен өзара әрекеттестік, ауысымдық және ауысымды беру ережелері (жұпта жұмыс істеу кезінде).						
	Дағды 4: Кәсіби этиканы сақтай отырып, дәл ақпаратты (атаулар, терминдер, сандар) беру үшін дактильдің және өзін-өзі бақылау мен нақтылау әдістерін қолданумен, коммуникацияның әртүрлі жағдайларында (күндізгі/қашықтан, жеке/көпшілік алдында) сурдоаударманың дәлдігін, қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету						
	Дағдыны тану мүмкіндігі: ұсынылмайды						
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Күйзеліске тұрақтылық Аналитикалық ойлау Көп мәдениеттілік және ашықтық эмпатия						
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:							
	<table> <tr> <td>СБШ-нің деңгейі:</td><td>Кәсіптің атауы:</td></tr> <tr> <td>4</td><td>Аудармашы (жазбаша)</td></tr> <tr> <td>5</td><td>Аудармашы (жазбаша)</td></tr> </table>	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	4	Аудармашы (жазбаша)	5	Аудармашы (жазбаша)
СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:						
4	Аудармашы (жазбаша)						
5	Аудармашы (жазбаша)						

СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	6	Аудармашы (жазбаша)	
	4	Ауызша аудармашы	
	5	Ауызша аудармашы	
	6	Ауызша аудармашы	
	6	Аудармашы-дактилолог	
3. Кәсіптің карточкасы "Аудармашы (жазбаша)":			
Топтың коды:	2643-2		
Қызмет атауының коды:	2643-2-001		
Кәсіптің атауы:	Аудармашы (жазбаша)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 тіркелген). 7-параграф. Аудармашы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Тілдер және әдебиет	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	І санатты аудармашы: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және ІІ санаттағы аудармашы лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс өтілі;		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Аудармашылардың біліктілігін арттыру курстары		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2642-2-011 - Редактор-аудармашы 2643-2-002 - Техникалық әдебиет аудармашысы 2643-3-001 - Ресми аудармашы 2643-3-003 - Дипломатиялық аудармашы 2642-2-005 - Аудармалардың бақылау редакторы 2643-9-003 - Лингвист		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Тілаларлық жазбаша аударманы жүзеге асыру		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Мемлекетаралық қатынастар саласында жазбаша аударманы жүзеге асыру	
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Аудиовизуалды контенттің тілаларлық және интерсемиотикалық аудармасын жүзеге асыру 2. Аудиовизуалды контентті редакциялау	

Дағды 1: Халықаралық-құқықтық құжаттардың жазбаша аудармасын жүзеге асыру	Машықтар: 1. Мәтіннің коммуникативтік бағытын анықтау мақсатында оған аударма алдындағы талдауын жүргізу; 2. Бастапқы мәтіннің мазмұндық және формалды ерекшеліктерін анықтау; 3. Бастапқы тілдің лексикалық, оның ішінде терминологиялық бірліктеріне аударма тіліндегі сөздік және аударма сәйкестігін табу; 4. Жазбаша аударманың кешенді техникалық тәсілдерін меңгеру; 5. Мәтінді халықаралық-құқықтық салада қабылданған жанрлық-стистикалық нормаларға сәйкес аудару; 6. Мәтінмен, сандармен және графикалық кескіндермен жұмыс істеудің компьютерлік бағдарламаларын қолдану; 7. Автоматтандырылған және автоматты аударма құралдарын пайдалану; 8. Өздігінен редакциялауды, орындалған аударманы, рефератты редакциялауды жүзеге асыру; 9. Аудармадан кейінгі редакциялауды жүзеге асыру (автоматты немесе автоматтандырылған аударма құралдарын қолданған жағдайда); 10. Аударма мәтінін тапсырыс берушінің аударма тілінде қабылданған нормалары мен талаптарына сәйкес рәсімдеу.
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Білімдер: 1. Заманауи тілдік үрдістер мен цифрлық лексиканы коса алғанда, C1 немесе C2 деңгейіндегі қазақ (орыс) және шет тілдері; 2. Аударма теориясы мен практикасы; 3. Аударманы жүзеге асыру үшін жеткілікті көлемдегі халықаралық құқық; 4. Бастапқы және аударма тілдеріндегі халықаралық құқық терминологиясы; 5. Бастапқы тілдің лексикалық, оның ішінде терминологиялық бірліктеріне аударма тілінде сөздік және аударма сәйкестігін табу; 6. Жазбаша аударманы жүзеге асыру тәсілдері мен амалдары; 7. Автоматтандырылған және автоматты аударма құралдары; 8. Мәтінді редакциялау нормалары мен ережелерін; аударма тіліндегі мәтінді ресімдеу нормалары мен ережелері; 9. Рефераттаудың техникалық тәсілдері; 10. Кәсіби аударма саласындағы этикалық және құқықтық нормалар.
	Машықтар:

Еңбек функциясы 1:
Мемлекетаралық қатынастар саласында жазбаша аударманы жүзеге асыру

Дағды 2:
Әскери және ұлттық қауіпсіздік саласына қатысты құжаттардың жазбаша аудармасын жүзеге асыру

1. Мәтіннің коммуникативтік бағытын анықтау үшін оған аударма алдындағы талдауын жүргізу;
2. Бастапқы және аударма мәтіндерін түзудің коммуникативтік сипатын анықтау;
3. Бастапқы мәтіннің мазмұндық және формалды ерекшеліктерін анықтау;
4. Аударма тіліндегі бастапқы тілдің лексикалық, оның ішінде терминологиялық бірліктеріне сөздік және аударма сәйкестігін табу;
5. Жазбаша аударманың кешенді техникалық тәсілдерін меңгеру;
6. Мәтінді аударма алдындағы талдау нәтижесін ескере отырып және әскери сала мен ұлттық қауіпсіздік саласында қабылданған аударма тілінің жанрлық-стистикалық нормаларына сәйкес аудару;
7. Мәтінмен, сандармен және графикалық кескіндермен жұмыс істеудің компьютерлік бағдарламаларын пайдалану;
8. Автоматтандырылған және автоматты аударма құралдарын қолдану;
9. Өздігінен редакциялауды, орындалған аударманы, рефератты редакциялауды жүзеге асыру;
10. Аударманы редакциялағаннан кейін қайта қарау (автоматты немесе автоматтандырылған аударма құралдарын қолданған жағдайда);
11. Аударма мәтінін тапсырыс берушінің аударма тілінде қабылданған нормалары мен талаптарына сәйкес рәсімдеу.

Білімдер:

1. Заманауи тілдік үрдістер мен цифрлық лексиканы қоса алғанда, C1 немесе C2 деңгейіндегі қазақ (орыс) және шет тілдері;
2. Аударма теориясы мен практикасы;
3. Аударманы жүзеге асыру үшін жеткілікті көлемде әскери және ұлттық қауіпсіздік саласы;
4. Бастапқы және аударма тілдеріндегі әскери және ұлттық қауіпсіздік саласының терминологиясы;
5. Жазбаша аударманы жүзеге асырудың амалдары мен тәсілдері;
6. Рефераттаудың техникалық тәсілдері;
7. Мәтінді редакциялау нормалары мен ережелері;
8. Аударма тіліндегі мәтінді рәсімдеу нормалары мен ережелері;
9. Кәсіби аударма саласындағы этикалық және құқықтық нормалар.

Дағдыны тану мүмкіндігі:

ұсынылады

Машықтар:

1. Өртүрлі құқықтық (қылмыстық, азаматтық, әкімшілік, халықаралық құқық) тақырыптағы мәтіндермен жұмыс істей білу;

